

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 142 Қаулысы

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің мәні ішкі суларда жүзетін кемелердің, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың сыныптамасына байланысты функциялар болып белгіленсін.

3. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Мекеменің Жарғысын бекітсін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен;

2) (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қ а у л ы с ы м е н)

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.06. N 1193 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз); 19.09.2014 № 995 қаулыларымен.

6. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының теңіз көлігі мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 18 мамырдағы N 437 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 19, 317-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 651 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 22, 190-құжат).

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК